

МЕЗГІЛ МӘНДІ ҚАТЫСЫМНЫҢ АУДАРМАДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Исмилова Диана, Ташметова Дилрух

ismailova_dl@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің

аударма теориясы және практикасы кафедрасының

студенттері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.С.Абдуова

Қазақ тілінде мезгілді білдірудің қалыптасқан көрсеткіштері бар. Оны етістіктің **шақ категориясы** деп атаса, функционалды қызметі бойынша ол **темпоралдылық** деп аталады. Сөйлемде темпоралдылық мән әсіресе зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктердің мезгілдік көрсеткіштерге ие болатын арнайы тілдік қолданыстары арқылы айқындала түседі.

Ағылшын тілінде уақыттағы негізгі лексикалық мағынадағы темпоралдылықты құрайтын сөздер: жыл мезгілінің атаулары (winter, spring, summer, autumn); ай аттары (January, May, June), апта күндері (Monday, Thursday), тәулік мезгілдері (morning, day, evening, night, afternoon); minute, second, yesterday, today, tomorrow, eternity, season, period, moment – сөздері; адам өмірінің кезеңдері (childhood, youth, adult). Нақ осы лексикалық сөздер әдеби мәтіндегі темпоралдық кеңістікті қалыптастырады.

Зат есім өзінің лексика-семантикалық сипатына қарай сөйлемдегі өзге сөздермен еркін қарым-қатынасқа түсіп, сол қатынастарға қажетті септік жалғауларын қабылдап, түрленеді. Барыс септік жалғауында тұрып, етістіктермен меңгеріле байланысатын мезгіл мәнді білдіретін зат есімдердің кейбірі жыл мезгілдерін білдірсе, кейбірі бір тәуліктегі мезгілдің кезеңін білдіреді. Бұлардан басқа *кез, шақ, уақыт, сәт, мезгіл* сияқты контексте жеке қолданылмай, көбіне өзін анықтайтын басқа бір сөзбен бірге қолданылатын зат есімдер де барыс септік жалғауында етістікпен меңгеріле байланысады: *Қаракең ұзақ түнге кірпік ілмей, жиі-жиі күрсінуген болды.* (Д.Исабеков). *Бір сәтке ойланарсың, қарағым.* (Д.Исабеков) Өзінің лексикалық мағынасы мезгіл болып табылатын зат есімдерден басқа табиғат құбылыстарын, күйді, процесті білдіретін зат есімдер де жатыс септігі арқылы етістікпен меңгеріле байланысып, мезгіл пысықтауыш болады. Осы мысалдарды орыс тіліне аударсақ: *Каракен не сомкнув глаз на протяжении всей ночи, часто с грустью вздыхал. Дорогой мой, на этот раз подумай.* Орыс тілге аударғанда лексикалық мағынасы өзгеріссіз қалады. Ал ағылшын тіліне аударсақ: *Каракен didn't slept at all and sigh frequently. Think this time, darling.* Here we see that the expression “ұзақ түнге кірпік ілмей” is dropped, cause as in Kazakh and Russian they have own idioms. So we may consider that the idioms in three languages are lexically match, however they have difference in content.

А) *Көктем, жаз, жыл, түн, уақыт, мезгіл (spring, summer, year, night, time, period)* тәрізді зат есімдер мен *сағат, минут (hour, minute)* тәрізді мезгілдің мөлшерін білдіретін зат есімдер жатыс септік жалғауында мезгіл пысықтауыш болады. Мезгіл зат есімдерінің жатыс септікте мезгілдік ұғымды беруі олардың лексикалық табиғатынан туындайды: *көктемде – in the spring, жылда-жылда – year to year, түнде - at night, бір сағатта - in one hour, бес минутта – for five minute.*

Ә) Жатыс септікте мезгіл ұғымын білдіретін зат есімдердің ендігі бір тобы *-лық* қосымшалы сөздер: *кеңшілікте – in the expanse.*

Б) Темпоралдылық мағына мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалатын зат есімдермен толыға түседі: ұйқы - *sleep*, түс – *dream\ sleep*, т.б. Бұлар адамның белгілі бір кезеңдегі қалпын, күйін білдіреді. Бұлардың жатыс септікте тұрып, мезгілдік мән үстеуінің себебі уақытқа қатыстылығында: *түсінде ұшып жүру, өңінде қуану – the dream comes true, ұйқыда бастырылу – to murmur in a dream*, т.б. Түс, ұйқы, өң деген сөздердің өзі мезгілдік мағынаны жеке тұрып емес, септіктермен, сөз тіркестерінің көмегімен береді.

В) *Шақ, кез, сәт, уақыт (case, time, period)* сияқты мезгілдік лексемалар жеке қолданылмай, жатыс септікте есімдіктер, үстеулермен бірге келгенде ғана темпоралдылықты нақтылайды: *бұл сәтте (for this moment), сол кезде (for this time)* т.б.

Зат есімнің темпоралдылығы шығыс септіктен көп байқалмайды. Шығыс жалғаулы мезгіл зат есімдері іс-қимыл мен әрекет, құбылыстың басталар мезгілін білдіреді немесе істің істелуін, біту мөлшерін білдіреді: *таңертеңнен сені күтіп отырмын, бала күнімізден* білеміз деген тіркестерде темпоралды мағына істің, қимылдың басталған кезеңінің мезгілін көрсете отырып, әлі аяқталмаған, жалғасымды әрекет екендігіне меңзейді. Сондай-ақ *таң сәриден ояну, ала кеуімнен ұйқыға кету* сияқты тіркестерде темпоралдылық нәтижелі, аяқталған іс-қимылды танытады.

Зат есім көмектес септікте тұрып та темпоралдылықты көрсетеді: *күнімен ойлану (to think during all day)*, *түнімен ұйықтамау (not to sleep at all)*, *таңмен тұру (to wake up in early morning)* т.б.

Зат есімдер көмекші есімдермен тіркесіп келіп те сөйлемдегі функционалды-семантикалық өрісті құрайтын темпоралдылықты танытады. Олар мезгілдің белгілі бір кезеңін дәл білдіреді. Көмекші есімдер сан жағынан оншалықты көп емес, қолданылу өрісі кең, ерекшеліктері мол. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында «көмекші есімдер мен түйдекті тіркестер мезгіл пысықтауыш жасайды, жатыс, шығыс септіктер, мезгіл мәнді сөздермен тіркесетін *үсті, арты, алды, тұсы, таман, жақын* сөздері мезгіл пысықтауыш жасайды» деп көрсетілген. [1,89] А.Ысқақов көмекші есімдерге «лексикалық мағыналары бірде бүтіндей сақталып, бірде солғындап, өзге сөздермен тіркесу ерекшеліктеріне қарай, синтаксистік жағынан кейде жеке-дара мүше есебінде, кейде күрделі мүшенің құрамында дәнекер элемент ретінде қолданылып, морфологиялық жағынан зат есімдерше түрленетін жәрдемші сөздерді» жатқызады. [2, 144] Оған *алды, арты, үсті, асты, жаны, қасы, арасы, ортасы, іші, сырты, басы, беті, шеті, түбі, төбесі, маңы*, т.б. сөздерді келтіреді.

Тұсы, үсті, алды көмекші есімдері абстракт зат есімдермен, процесті, табиғат құбылыстарын білдіретін есімдермен тіркесіп келіп, мезгілдік ұғымды білдіреді: *қырғын алдында (before the carnage), қуаныш үстінде (in a high spirit), дауыл алдында (before the battle)* т.б.

Басы, аяғы көмекші есімі тек мезгіл зат есімдермен тіркесіп келіп, мезгіл пысықтауыш болады. Мезгіл зат есімдерінің ішінде де ұзақ мерзімді, мол кезеңді білдіретін сөздермен ғана тіркеседі: *жыл басында (early in the year), айдың аяғында (at the end of the month). Ортасы, іші: осы аптаның ішінде (during this week), қыс ортасында (in mid-winter).*

Бойы көмекші есімі іс әрекеттің, қимылдың нақты мерзімінен гөрі, олардың созылу уақытын, мөлшерлік шамасын білдіреді: *жаз бойы (all the summer), түні бойы (all night), күні бойы (all day), он жыл бойы (during ten years).*

Зат есімдер шылаулармен тіркесіп келу арқылы мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалып, темпоралды мағынаны анықтайды. Солардың ішінде септеуліктердің алар орны ерекше. *Кейін, шейін, бері, бұрын, бастап, соң, қарсы, салым* септеуліктері мезгілдік мағынаны береді. *Сайын* шылауы қимылдың үнемі қайталанып отыруына меңзейді, өрбу кезеңдерін, шақтарын білдіреді. Бұл септеулік негізінен мезгіл есімдеріне тіркесіп, мезгіл пысықтауыш болады: *күн сайын, апта сайын, жыл сайын, сағат сайын.*

Соң септеулігі іс-әрекеттің аяқталуға жақындығын, аяқталған амалдарды, екінші бір қимылдың жалғасуға дайындығын көрсетеді: *екі сағаттан соң* олар қоштасты (*after two hours they said good-bye to each other*), *бір жылдан соң* біз мектеп бітіреміз (*after the year we graduated from school*).

Дейін, шейін шылаулары да мезгілдік ұғымды білдіруде кең қолданылады. Бұлар мәтінде, сөйлемде айтылып отырған сәттен, дәл қазіргі істен бұрынғы уақыт мезгілін білдіреді: *бұған дейін (before that), осы уақытқа шейін (until that time), мамырға дейін (prior to May)*.

Бері, бастан шылаулары мезгіл мәнді зат есімдермен тіркеседі: *күзден бері (from autumn), кешеден бастан (since yesterday)* т.б.

Сонымен сөйлем, не мәтіннің семантикасында темпоралдылықтың өзегіне айналатын сөздер толық мағыналы сөздер ғана емес, көмекші сөздер де бола алатынын көреміз. Негізінен көмекші сөздер лексикалық мағынасы жоқ сөздер делінгенмен, әрбір көмекші сөздерде жартылай болса да өзінің ішкі семантикалық мағынасын аңғартатын мән болады. Көмекші сөздер мекендік, мезгілдік мағына берумен қатар өзі қатысты сөздің мағынасына уақыттық дәлдік, нақтылық, айқындық береді.

Сан есімдер де сөйлемдегі іс-әрекеттің, оқиғаның, құбылыстың, амалдың мезгілдік белгісін білдіре алады. Сан есімдер тек зат есімдердің ғана емес, зат есімнен жасалған туынды сын есімнің де, етістік сөздердің де мөлшерін білдіре алады. З.Күзекованың «Сан есімдердің осылайша зат есімдерден, өзге сөз таптарынан, демек, туынды сын есімнен, етістіктен бұрын тұрып, олар арқылы аталатын ұғымдардың сан мөлшерін білдіре қолданылуы олардың пысықтау функциясында да жұмсала алатынын аңғартады» [3,65] деген пікірі сан есімнің мезгілдік мағына беруіндегі қызметін де айқындайды. Есептік сан есімдердің ішінде «бір» сөзі *кезде, сәтте, мезетте, мезгілде, уақытта, демде, дегенде* сияқты сөздермен тіркесе келіп, темпоралды мағына бере алады: *бір мезетте, бір сәтте, бір демде, бір дегенде*, т.б. Мысалы: ***Бір кезде*** құлағына әлдеқайдан, тым-тым алыстан әлдебір әдемі әуен естіліп, жан сарайын әлдиледі-ай! (О.Бөкей) Бұл сөйлемдегі етістіктің шақтық көрсеткішін нақты уақыттық емес *бір кезде* тіркесі толықтыра түсіп, мәтіннің тұтас мағынасына динамикалы қалып пен аяқталмаған әрекет, жалғасымды процесс амалын білдіретін реңк қосқан. Мұндағы сан есімді тіркес кейіпкердің қабылдауындағы уақыттың физикалық белгісін емес, қатыстық уақыт мөлшерін танытып, сөйлемде мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

Болжалдық сан есімдерге жалғанған көптік жалғаулары көптік мағынада емес, жалғанған сөздеріне түспалдау және болжалдау мағынасын жамайды. Әдетте бұндай сөздер мен сөз тіркестері сөйлемде мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Бұндай сөйлемдердің мағынасында іс-әрекеттің уақыттық шегі нақтыланбайды, орын алғандығы назарға алынады. Мысалы: *ондар шамасында* қонақтар тарқады, *алтыларда* оянды, *төрттерде* бітіреміз. Мұндай жағдайда көптік жалғауы үнемі өзінен соң септік жалғауларының немес *шамасы* сөзінің тіркесе қолданылуын қажет етеді: *үштер шамасында* бастай береміз, *он екілер шамасында* үзіліске шығармыз.

-даған,- деген қосымшасы арқылы жасалған болжалдық сандар да сөйлем ішінде мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалып, іс-әрекеттің мерзімін ұзарта көрсетеді: *миллиондаған жылдар бұрын, жүздеген ғасыр ішінде, ондаған жыл өткенде*, т.б.

Сан есімдер бірнеше топқа бөлінгенмен, олардың ішінде есептік және реттік сан есімдер (*бірінші рет, үшінші кезеңде, қырық бесінші жылы, оныншы аптада*) ғана темпоралды мағына береді.

Сан есімдер жатыс септігінде тұрып, адамның жас мөлшерін, уақыттың дәл мөлшерін, мерзімді білдіріп, сөйлемде темпоралды мағынаны танытып, функционалды-семантикалық өрістің мезгілдік аясын көрсетеді: *Отызында* орда бұзбаған, *қырқында* қамал алмайды. *Он үште* – отау иесі. (мақал) *Он жаста* жарда ойнаған лақтайсың. (халық термесі) Жатыс септіктегі сан есімдер *минут, сағат, апта, күн, ай, кез*, т.б. мезгілдік лексемалармен тіркесіп, уақытты нақтылайды: *бір минутта* жиналды, *он күнде* қайтарып берді, *екі айда* бітірді. «Ол мың жылда да құрымайды. Айқай өшеді деп кім айтты саған?» (О.Бөкей)

Сан есім мезгілді білдіретін сөздерге шылау, көмекші есім, көмекші етістіктің тіркесуімен жасалып, сөйлемнің темпоралдылығын нақтылайды: *үш күн бойы (within three days), бір айдан бері (since the first month)* т.б.

Темпоралдылық есімдікке *күн, жыл, ай, кезде, сәтте, мезгілде, шақта, арасында, жолы*

сияқты сөздердің септік жалғауымен тіркесуі арқылы көрінеді. *Сол күні, мына жылы, бұл кезде, сол сәтте* т.б. Бұндай тіркестермен келген сөйлемнің мезгілдік аясы нақтыланумен қатар, іс-әрекеттің, қимыл-қозғалыстың қалып-күйі айқындалады, шектік, шексіздік белгілері ашылады. Алынған сөйлемдегі мезгілдік ұғымды білдіретін *осы кезде* тіркесін нақтылап, дәлдей түсетін үйірлі мүшелердің үстемелете келтірілуі мәтіндегі ойдың тұтастығына «жұмыла атсалысқан», яғни Аманның он жасар баламен кездесуі таң алдындағы сәтке орайлас келгенін жазушы кейіпкердің жан-жағын тұтас бажайлап, болжап қарап, уақытты өзіндік биологиялық сағат пен табиғат құбылысын зерттеуден туған зердесімен сезінгенінен пайда болған түйсікпен жеткізеді. Автордың сөз саптауынан оқырман басты кейіпкердің баламен кездесуіндегі физикалық уақыттың табиғат құбылысындағы кезеңдік уақытпен тұтасып өрілгендігіне тәнті болады. Егер сөйлемдегі негізгі мезгілдік ядроны құрайтын сөзге назар аударсақ, онда жедел өткен шақ формасындағы **келді** баяндауышын өзге уақыттық, мезгілдік белгілерді танытатын барлық лексика-семантикалық құралдар толықтыра түскенін байқаймыз.

Ағылшын тілінде де уақытты білдіретін лексикалық бірліктер көптеп кездеседі: *the earliest days, early forties, childhood, the earliest youth, in the year before, on Saturday, on Monday, three weeks later, yeaterday, that night, in 1767, in the 4th of August, in 1914:*

The second child was born in August in a shobby modern house on the East coast which had been taken for the summer so that Gervase might have the benefit of sea air (Winner Takes All).

Қазақ тілінің шақтарына қарағанда, ағылшын тілі шақтарының көбірек екенін білеміз. Әр түрлі шақ формасының топтары қимылдың әр қалай өтетінін көрсетеді. Қазақ тілінің етістіктегі шақтары ағылшын тілінде бірнеше шақ формасында тұратындығына назар аударайық. Мысалы, «ол жазды» деген сөйлемді алайық. Ағылшынша, етістіктің 3 шақ формасында қолдануымызға болады. Ол жазады (күн сайын) - *he writes*, ол жазып отыр (қазір) – *he is writing*, ол жазып отыр (1 сағат бойы) – *he has been writing*.

Ал енді етістіктің әр түрлі шағының өзгеруіне мысалдар қарастырайық.

Қазақ тіліндегі осы шақтағы етістік.

I watch TV every day. – Мен теледидарды күнде көремін. (Present Indefinite)

I am watching TV now. – Мен теледидарды қазір көріп отырмын. (Present Continuous)

Қазақ тіліндегі өткен шақта тұрған етістік.

I watched TV yesterday. – Мен теледидарды кеше қарадым. (Past Indefinite)

I was watching TV at 6 o'clock. – Мен кеше теледидарды кешкі сағат 6-да қарадым. (Past Continuous)

I have already watched TV today. – Мен бүгін теледидарды қарап тастадым. (Present Perfect)

I had watched TV when she came. – Ол келгенше, мен теледидарды көріп тастадым. (Past Perfect, Past Indefinite)

Қазақ тілінде келер шақта тұрған етістік.

I shall watch TV every day. – Мен теледидарды күнде көретін боламын. (Future Indefinite)

I shall be watching TV at 5 o'clock tomorrow. – Мен ертең теледидарды кешкі сағат 5-терде қарайтын боламын. (Future Continuous)

Tomorrow I shall have watched TV when she comes – Мен ертең ол келгенше теледидарды көретін боламын. (Future Perfect)

Сонымен, зат есім, сан есім, есімдіктер мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсала отырып, сөйлемнің мағыналық өрісінің уақыттық мөлшеріне ықпал етеді, сөйлемнің шақтық көрсеткішін нақтылайды [4].

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде **уақыт** ұғымына қарсы мағынада қолданылатын **ешқашан, мүлдем болмау** мағынасына қатысты көптеген қызықты фразеологизмдер бар. Мысалы орыс халқында ешқашан болмайтын жағдайларда былай айту қалыптасқан:

Ешқашан: *Когда рак на горе свиснет* (шаян тауда ысқарғанда); *до китайской пасхи* (Қытай пасхасына дейін); *после дождичка в четверг* (бейсенбідегі жаңбырдан кейін);

Қазақ халқында бұл ұғым былай беріледі: Аспаннан алтын жауғанда (когда посыпится золото с неба), ешкінің құйрығы көкке жеткенде (когда козлиный хвост достигнет небес);

Ағылшын халқында: When hell freezes over (когда ад замерзнет); On a cold day in hell (в холодный день в аду); when pigs fly (когда свиньи полетят); When the cows come home (когда коровы возвращаются домой).

Сондай-ақ уақыттың, өмір ағысының жылдамдығын, шапшаңдығын көрсететін де мынадай ұғымдар бар:

Жылдам (тез): Семимильными шагами (жеті шақырымды қадамдармен); со скоростью света (жарық жылдамдығымен); без оглядки (алды-артына қарамай); көзді ашып- жұмғанша (пока не откроешь глаз), кірпік қақпай (не сомкнув ресницы) in the blink of an eye (в мгновение ока).

Осы жылдамдыққа қарама-қарсы мағынадағы баяулық ұғымының да үш тілдегі көріністері қызықты.

Баяу: черепашьими шагами (тасбақа жүріспен); в час по чайной ложке (сағатына бір шай қасық); сағыздай созылу (растягивать как жвачка); мысық табандап жылжу (двигаться кошачьими шагами); ежіктеген баладай (с тудом как ребенок); шабан аттай қозғалу (ленивая как кобыла); Аяғына кісен салғандай (ноги прикованы в кандалы) Donkey's ears/years (ослинные уши); Around the clock (круглыми сутками). Үш тілдегі бұл келтіріліген мысалдар әр халықтың уақыт өлшеміне, іс-әрекеттің өту процесіне, мезгілдік қатысымдарға қатысты көзқарастары, дүниетанымдары мен ойлау ерекшеліктері бар екендігін көрсетеді [6].

Қорыта айтқанда, қай тілдің болмасын фразеологиясы халықтардың өз ара қарым-қатынаста болуының нәтижесінде бірін-бірі толықтырып отырады. Ал бұл мәселе, бір жағынан, фразеологизмдердің сәтті аударылуына да байланысты. Яғни бір тілдегі фразеологизмдердің екінші бір тілге аударылғанда олардың жымдасып, жатық болып жұмсалуына мән берілуі керек. Қазіргі уақытта ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің қазақ және орыс тілдеріне аударылу мәселесі аударматанудағы өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бір халықтың рухы, жан-дүниесі екінші бір халыққа аударма тілі арқылы жетеді. Бір халықтың екінші бір халықпен қарым-қатынас жасауы, өзге халықтың мәдениеті, тұрмыс-тіршілігімен танысудың басты құралы аударма екені баршамызға белгілі. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма арқылы енетін бейнелі, танымды, ұтқыр тұрақты тіркестер мемлекеттік тілдің ары қарай да дамуына өз үлесін қосатынына сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің грамматикасы. Астана, 2002.
2. Ысқақов А.Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991
3. Күзекова З. Қазақ тіліндегі мезгіл пысықтауыштар. Алматы, 1997
4. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 2009.
5. Гальперин И.Р. Стилистика английского языка // Учеб. пособие. – М.: Высшая школа, 1981. – с. 334.
6. Бөкей О. Ән салады шағылдар. Алматы: Жазушы, 1995.